

Қаржылық бақылау жүйесі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА, ҚОҒАМДЫҚ СЕНИМГЕ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІПКЕ ТІКЕЛЕЙ ҚАУІП ТӨНДІРЕТІН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ. БҰЛ ҚҰБЫЛЫСПЕН КҮРЕСТЕ ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ РӨЛІ ЕРЕКШЕ, СЕБЕБІ МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОРДАҒЫ ҚАРЖЫ АҒЫНДАРЫНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ МЕН ТИІМДІЛІГІ – СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АЗАЙТУДЫҢ НЕГІЗГІ ТЕТІГІ.

Қаржылық бақылау – бұл бюджеттік қаражаттың, мемлекеттік активтердің және қаржылық ресурстардың заңды, мақсатты әрі тиімді пайдалануын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік басқару функциясы. Қазақстан Республикасында қаржылық бақылау жүйесі мемлекеттік аудит, ішкі бақылау және сыртқы бақылау институттары арқылы жүзеге асады.

Мемлекеттік аудит қаржылық тәртіпті нығайтуға, бұзушылықтарды анықтауға ғана емес, олардың алдын алуға да бағытталған. Қазіргі таңда бақылаудың жазалаушы емес, профилактикалық және тәуекелге бағдарланған үлгісін енгізген. Бұл сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға мүмкіндік береді.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – тек уәкілетті органдардың емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Осы жолда тиімді қаржылық бақылау жүйесін дамыту – тұрақты және әділетті мемлекеттің кепілі.

Қаржылық бақылау жүйесі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімді құралдарының бірі.

Басты мақсаты – заң бұзушылықты анықтау ғана емес, алдын алу, ашықтықты қамтамасыз ету және мемлекеттік ресурстарды тиімді басқару. Қаржылық тәртіп пен адалдық қағидаттарын сақтау арқылы ғана қоғам мен мемлекет арасындағы сенімді нығайтуға болады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңына сәйкес мемлекеттік аудит – бюджет қаражатын, мемлекет активтерін пайдалану тиімділігіне, заңдылығына және нәтижелігіне тәуелсіз бағалау жүргізу жүйесі. Заңда мемлекеттік аудиттің негізгі қағидаттары ретінде заңдылық, тәуелсіздік, объективтілік, кәсіби құзыреттілік, құпиялық, анықтық, ашықтық, жариялық және мемлекеттік аудит нәтижелерін өзара тану айқындалған.

«Маңғыстау облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік аудитке бақылау жүргізуші ғана емес, аудит объектісінде анықталған бұзушылықтарды жоюмен қатар, оларды туындататын себептер мен

жағдайларды жоюға бағытталған ұсынымдар береді, бұл – аудиторлық шараның нәтижесі.

Облыс деңгейінде мемлекеттік аудит жергілікті бюджет қаражатының тиімді игерілуіне, әлеуметтік бағдарламалардың нақты нәтижесіне және инфрақұрылымдық жобалардың сапалы орындалуына ықпал етеді. Аудит нәтижелері негізінде қабылданатын міндетті орындауға берілетін ұсынымдар өңірдің қаржылық тұрақтылығын нығайтуға бағытталады.

Мемлекеттік аудит – тек қаржылық бақылау тетігі емес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, бюджеттік тәртіпті күшейтуге және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған маңызды институт. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңының талаптарын сақтау – әрбір мемлекеттік орган мен лауазымды тұлғаның ортақ міндеті.

Б.КАРАБАЕВА,
«Маңғыстау облысы бойынша тексеру комиссиясы» ММ аппаратының бас инспектор, заңгері.

2026 жылы МӘМС бойынша төлемдер ӨЗГЕРЕ МЕ?

2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЕҢ ТӨМЕНГІ ЖАЛАҚЫ МӨЛШЕРІ БҰРЫНҒЫ ДЕҢГЕЙДЕ БЕКІТІЛГЕНДІКТЕН, НЕГІЗГІ САНАТТАР БОЙЫНША МӘМС-КЕ ТӨЛЕНЕТІН ЖАРНАЛАРДЫҢ МӨЛШЕРІ САҚТАЛАДЫ. АЛАЙДА ЗАҢҒА ЕНГІЗІЛГЕН ТҮЗЕТУЛЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ӨЗГЕРІСТЕР БАР. БҰЛ ТУРАЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ ТҮСІНДІРДІ.

Жарна өсімі тек мемлекеттік төлемдерге қатысты

2025 жылғы шілде айында Мемлекет басшысы МӘМС және медициналық қызметтер көрсету сұрақтары бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңға қол қойды. Оның бір бөлігі мемлекет, жұмыс берушілер және азаматтардың ортақ ынтымақтастық жауапкершілігін арттыру арқылы денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Осы мақсатта әлеуметтік осал санаттағы халық үшін (олардың саны 11 миллионнан асады) мемлекет төлейтін жарналарды кезең-кезеңімен арттыру көзделген: 2027 жылы – 2,2%-дан бастап, 2037 жылға қарай – 4,7%-ға дейін. Қазіргі уақытта мемлекет жарналарының мөлшерлемесі есептеу объектісінің 2%-ын құрайды және бұл мөлшерлеме 2026 жылы да сақталады.

Айта кетерлігі, бұл өзгеріс жеңілдік санатындағы азаматтардың өздеріне еш әсер етпейді. Олар бұрынғыдай автоматты түрде сақтандырылған болып қала береді, себебі жарналарды мемлекет төлейді.

Жоғарғы шектің өзгеруі нені білдіреді?
Денсаулық сақтау жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қызметкерлердің жарналары мен жұмыс берушілердің аударымдарын есептеу үшін қолданылатын табыстың жоғарғы шегін арттыру енгізілді. Ал пайыздық мөлшерлемелер өзгеріссіз қалады.

Қазір аударымдардың ең жоғары мөлшері 25 500 теңгені құрайды (10 ең төменгі жалақы мөлшеріндегі шекті табыстың 3%-ы). 2025 жылы жарнаның ең жоғары мөлшері – 17 000 теңге (10 ЕТЖ-ның 2%-ы).

Енді жұмыс берушілер жарналарды 40 ЕТЖ-дан аспайтын табыстан, ал қызметкерлер 20 ЕТЖ-ға дейінгі табыстан төлейтін болады (бастапқыда екі төлем бойынша да шекті 50 АЕК-ке дейін арттыру ұсынылған, алайда заң жобасын талқылау барысында олар төмендетілді).

Демек, бұған дейін айлық табысы 850 мың теңгеден асатын қызметкерлер (1–2 млн теңге және одан жоғары табыс алатындар) 17 000 теңгеден артық жарна төлемейтін. Себебі

есептеу базасына шектеу қолданылатын. Бұл белгіленген мөлшерлемеге пропорционалды түрде аз болып, айлығы 850 мың теңгеден төмен және жалақысының дәл 2%-ын төлейтін қызметкерлерге қатысты әділетсіз еді.

Өзгерістерден кейін қызметкердің ең жоғары жарнасы – 34 000 теңге (1,7 млн. теңгенің, яғни 20 ЕТЖ-ның 2%-ы), жұмыс берушінің ең жоғары аударымы – 102 000 теңге (3,4 млн теңгенің, яғни 40 ЕТЖ-ның 3%-ы) болады.

Айта кету керек, бұл өзгеріс ай сайынғы табысы 850 мың теңгеден асатын жаламалы қызметкерлердің небәрі 9%-ына ғана әсер етеді.

Ал айлығы 3,4 млн теңгеден асатын қызметкерлер саны – бар болғаны 20 мың адам (0,3%). Қалған 91% жұмыс істейтін азаматтар үшін ештеңе өзгермейді.

Қалған төлеушілер үшін жарна мөлшерлемелері Бірыңғай төлем төлеушілер

Бірыңғай төлемді жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар өз қызметкерлері үшін төлейді. Жеке табыс салығын, жұмыс беруші мен қызметкердің міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды, сондай-ақ МӘМС бойынша жарналар мен аударымдарды қамтиды.

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап бірыңғай төлем мөлшері есептелген табыстың 24,8%-ын құрайды.

Жеке кәсіпкерлер, шаруа қожалықтарының иелері және жеке практикамен айналысатын тұлғалар

Бұл санаттар МӘМС-ке 1,4 ЕТЖ-ның 5% мөлшерінде жарна төлейді.

2026 жылы ең төменгі жалақы мөлшері өзгермегендіктен, МӘМС жарнасы да бұрынғыдай айына 5 950 теңге болып қалады. Бұл – табыс деңгейіне қарамастан төленетін тұрақты жарна.

Айта кету керек, егер жеке кәсіпкер бір мезгілде басқа ұйымның жаламалы қызметкері болып, ол үшін МӘМС төлемдері аударылып тұрса да, жеке кәсіпкер ретінде өзі үшін жарна төлеуден босатылмайды. Тек қызметін ресми түрде тоқтатқан немесе әрекетсіз деп танылған жеке кәсіпкерлер ғана жарна төлеуді тоқтатады.

Дербес төлеушілер
Дербес төлеушілер санатына тұрақты жұмысы жоқ және жеңілдік санаттарына кірмейтін азаматтар жатады. 2026 жылы олар үшін МӘМС бойынша ай сайынғы жарна мөлшері 1 ЕТЖ-ның 5%-ын құрайды, яғни 4 250 теңге. Сақтандырылған мәртебесін алу үшін олардың өткен немесе алдағы 12 ай қатарынан төлемдері болуы тиіс. Жарналарды әр айға жеке-жеке төлеу қажет.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Маңғыстау облысы бойынша филиалы.

№641

АҚТАУ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫ ШЕШІМІ

2025 жылғы 28 қарашадағы №26/167 Ақтау қаласы

Ақтау қаласында оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлеме мөлшерін төмендету туралы

Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 726-бабына сәйкес Ақтау қалалық мәслихаты шешім қабылдады:

- Ақтау қаласында оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде мөлшерлеме мөлшері 4 (төрт) пайыздан 3 (үш) пайызға дейін төмендетілсін.
- Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

С.Т.ЗАКЕНОВ,
Ақтау қалалық мәслихатының төрағасы.

«ABSOLUTE OIL LTD»ЖЕКЕ КОМПАНИЯСЫ ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗЕДІ

Жобаның атауы:	1) «Солтүстік-Батыс Елемес кен орнындағы тереңдігі 2800 (±300) м болатын № Е-141 пайдалану ұңғымасында бұйірлік оқпанды қию және көлбеу бағытталған бұрғылау бойынша жеке техникалық жобасы» қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ) 2) «Солтүстік-Батыс Елемес кен орнындағы тереңдігі 3000 м болатын №Е-146 пайдалану ұңғымасында көлденең аяқтаумен бұйірлік оқпанды қию және көлбеу-бағытталған бұрғылау бойынша жеке техникалық жобасы» қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ)
Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні, уақыты және орны:	2026 жылғы 5 ақпан сағат 15:00-де Маңғыстау облысы, Боранқұл ауылы, мәдениет үйі. Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: СЕ 46°01'34,736», ШБ 54°15'26,316».
Тапсырыс берушінің атауы және байланыс деректері:	«Absolute Oil LTD»ЖКК, Астана қ., Есіл ауданы, Мәңгілік даңғылы, 37-үй, 29-пәтер, БСН: 240940900632, Эколог – Жаннат Екибаева, тел. 8 (701) 999 2484.
Өзірлеушінің атауы және байланыс деректері:	«BM engineering» ЖШС, Ақтау қ-сы, 28-ш/а., 49 -үй, 56-кеңсе/офис, эл.почта: make-t@mail.ru «SciRes» ЖШС, БСН 140240026048, Ақтау қ-сы, 9-ша, 18-үй, 9-кеңсе, тел: 8701 527 4136
Онлайн қосылуға сілтеме:	https://us04web.zoom.us/j/78062742019?pwd=lnVWYmJ5OKdtMLi9uGODggkKvyhk2k. 1Конференция идентификаторы: 780 6274 2019. Кіру коды: 1hN285.
Жобалық құжаттама орналасқан жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекен-жайы:	https://ndbecology.gov.kz/
Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері:	Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы. Жобаларды экологиялық сараптау бөлімі бас маманы – Сабина Базарбай, эл.почта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz. , тел.8(7292) 43-10-88; моб.+7 (778) 113-9897.

№645

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Каспий жылу, су арнасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны тарапынан суды таратушы желілері арқылы су беру, сарқынды суды бұру, сондай-ақ жылу энергиясын беру және бөлу қызметтері бойынша тарифтер мен тарифтік сметалардың талқылауына арналған жария тыңдау өтетіні туралы хабарлайды.

Жария тыңдау – табиғи монополия субъектілерінің тарифтерін бекітуге немесе өзгертуге арналған өтінімдерді қарау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтетін міндетті рәсім. Жария тыңдаудың мақсаты – тариф белгілеу процесінің ашықтығын қамтамасыз ету, тұтынушылардың пікірлерін ескеру және әділдік пен жариялық қағидаттарын сақтау.

Жария тыңдау 2026 жылғы 27 қаңтарда сағат 15:00-де Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 22-шағын аудан, 43-ғимарат, 3-қабат, акт залында өтеді.

Сонымен қатар жария тыңдау онлайн режимде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің Facebook әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында тікелей эфирде көрсетіледі:

https://www.facebook.com/profile.php?id=100051930454400

«Каспий жылу, су арнасы» МКК мәслихат депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың, тұтынушылар мен олардың қоғамдық бірлестіктерінің өкілдерін, тәуелсіз сарапшыларды, бұқаралық ақпарат құралдарын және барлық мүдделі тұлғаларды жария тыңдауға қатысуға шақырады.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің тарифтердің өсуін тежеу жөніндегі жұмысы аясында 2026 жылдың бірінші тоқсанының соңына дейін халық үшін табиғи монополия субъектілерінің қызметтері бойынша тарифтердің көтерілуі жоспарланбайтынын хабарлаймыз.

№647

Бұл бос орын сіздің ЖАРНАМАҢЫЗҒА арналған

ТЕЛЕФОН: 20-48-42